

ӘОЖ 316.47

Ж.А. Нұрбекова*, З.Ж. Жаназарова, М. Жолдасова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: janaranur@yahoo.com

Әлеуметтік жұмысшының этикалық аспектілері

Әлеуметтік жұмыстың тәжірибесі тарихтың көптген жылдарында көптеген өзгерістері болды, бірақ әлеуметтік жұмысшылар белгілі білімдер кешенін ұстанады, онда белгілі конструкторивтік өзгерістер болғанымен, біраз кілтті кезеңдері сақталып қалды.

Әлеуметтік жұмыс көмек көрсету, қолдау, барлық адамдарды қорғау, әсіресе «әлсіз» әлеуметтік топтарды, өзінің өмірлік қызметіндегі барлық қажеттіліктерге мұқтаж. Сондықтан, гуманизмге және сана-сезімге негізделі отырып, әлеуметтік жұмыс құндылықтардың кешенді элементтеріне сүйенеді, олар оның тарихында бірқатар өзгерістерге тап болуда – адамдардың қалыпты өмір сүруі, әлеуметтік әділеттілік, индивидтің құрметтілігі. Оның мағынасы әрбір индивидтің жоғарғы түсінушілік жағдайына өтуі, адам өмірінің өзі құрметті өту керек дегенді көрсетеді. Әрбір адам өзінше ерекше, оны құрметтеу және ескеру керек.

Түйін сөздер: Әлеуметтік жұмыс, көмек, әділеттілік, түсінушілік, этика.

Zh. Nurbekova, Z. Zhanazarova, M. Zholdasova

Ethical aspects of social worker

In his article «Ethical aspects of social worker» given ethical system of training of social workers. It should provide training, able to establish personal relationships with the client, acting as a society, on the conditions of human life, and on him, encouraging him to self-fulfillment, social activity.

Key words: ethical system, social workers, professionals, interpersonal relationships.

Ж.А. Нұрбекова, З.Ж. Жаназарова, М. Жолдасова

Этические аспекты социального работника

В статье дана этическая система обучения социальных работников, которая должна обеспечивать подготовку специалистов, умеющих налаживать межличностные отношения с клиентом, воздействуя как на социум, на условия жизнедеятельности человека, так и на него самого, стимулируя его на реализацию внутреннего потенциала, на социальную активность.

Ключевые слова: этическая система, социальные работники, специалисты, межличностные отношения.

Әлеуметтік жұмыстың тәжірибесі тарихтың көптеген жылдарында көптеген өзгерістері болды, бірақ әлеуметтік жұмысшылар белгілі білімдер кешенін ұстанады, онда белгілі конструкторивтік өзгерістер болғанымен, біраз кілтті кезеңдері сақталып қалды.

Әлеуметтік жұмыс көмек көрсету, қолдау, барлық адамдарды қорғау, әсіресе «әлсіз» әлеуметтік топтарды, өзінің өмірлік қызметіндегі

барлық қажеттіліктерге мұқтаж. Сондықтан, гуманизмге және сана-сезімге негізделі отырып, әлеуметтік жұмыс құндылықтардың кешенді элементтеріне сүйенеді, олар оның тарихында бірқатар өзгерістерге тап болуда адамдардың қалыпты өмір сүруі, әлеуметтік әділеттілік, индивидтің құрметтілігі. Оның мағынасы әрбір индивидтің жоғарғы түсінушілі жағдайына өтуі, адам өмірінің өзі құрметті өту керек дегенді

көрсетеді. Әрбір адам өзінше ерекше, оны құрметтеу және ескеру керек.

Философиялық құндылықтар және идеалдар. Құндылықтар жүйесі оның тарихилыққа дейінгі кезеңіне қазіргі жағдайына дейін қалыптасырылды. Тарихи жағдайдың өзгерістеріне байланысты құндылық бағыттамалардың трансформациясы өтті. Алайда, қоғамдық жауапкершілік, әділеттілік әрқашан адам құқығының философиялық түсінуіндегі азаматтық және саяси маңызы болды.

Әлеуметтік жұмыстың философиялық құндылықтары әртүрлі дәрежеде және өзіндік жеке жүйені құрайды, онда сенім мен қарым-қатынас және алға қадам басу, нормалар және практикалық принциптер өзара іс-әрекеттестік, этикалық ережелер мен кәсіби құндылықтар қалыптасады.

Философиялық құндылықтар кәсіби нормалар мен міндеттер деңгейінде құндылықтар бағыттамалардың негізін құрайды. Макродеңгей жалпы міндеттердің нормалар мен міндеттерін анықтайды. Ол корпоративті принциптер мен нормалар іс-әрекеттесу нормалары, жүйемен қарым-қатынас ұжымдық қауіпсіздікті көрсетеді.

Микродеңгей әлеуметтік жұмыстың философиялық құндылықтары ретінде құндылықтар спектр кәсіби іс-әрекеттестіктің әлеуметтік жұмысшы мен клиент арасында болады.

Құндылықтар деңгейі. Мегадеңгей. Әлеуметтік жұмыстың мегадеңгейі кәсіпті меңгеруді халықаралық қауымдастық деңгейінде зерттеуді көздейді. Құндылықтар жаһандық өркениеттік мақсаттар мен міндеттер негізінде анықталынады.

– Өмір сүру құқығы (адамды белсенді түрде қолдау, оның құқықтары мен сапалы өмір сүруді қамтамасыз етудегі қарсы іс-әрекеттері).

– Бостандық (Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы; корреспонденция құпиясы, тұрақты өмір сүру).

– Теңділік және дискриминацияның болмауы (Қоғамның негізі, адам ерекшеліктерін қорғау).

– Әділеттілік (Адам құқықтары мен бостандықтарының құқықтық, әлеуметтік, экономикалық кепілдіктері).

– Түсінушілік (Адамның қайғылары мен уайымдарын түсіну, оның құқықтары үшін күрес).

– Әлеуметтік жауапкершілік (Түсінушіліктің тәжірибелік жағы, мұқтаж және қажет адамдарға көмек және қызмет көрсетілуі);

– Бейбітшілікті қаттамасыз ету мен зорлықтың қорғау (Әлем құндылық өз-өзімен, қоршаған ортасымен).

– Табиғат пен адам қатынасы (Табиғатпен үйлесімділікті іздеу).

Макродеңгей. Осы деңгейдің құндылықтары әлеуметтік жұмысшының кәсіби біліктілігі аясында, клиенттер, жұмысшылар, кәсіп алдында болады. Индивидтің қоғам алдындағы қатынасын көрсетеді.

Сенімді хабарды клиентпен қарым-қатынас кезінде беру. Оның қажетті жеке қажеттіліктерді анықтауындағы және кәсіби қарым-қатынасында бөліп қарастыру. Әлеуметтік өзгерістерге, сарапталған, қатысты, саналы әлеуметтік қажеттіліктерге бой алу. Өзінің жеке білімінді басқа біреулерге жеткізе білу. Клиенттің өзі-өзі дамуындағы көмекке ұмтылу.

Мезодеңгей. Әлеуметтік жұмыс нормативті пән болып табылады, ол құндылықтармен және адамдардың әлеуметтік нормаларымен іс-қызметке ие. Осы қарым-қатынаста ол философиялық концептілердің әлеуметтік жұмыс деңгейінде маңызды болып табылады.

Әлеуметтік жұмыстың микроқұндылықтары. Әлеуметтік жұмыстағы құндылықты бағыттамалар, тұлғааралық қарым-қатынаста, егер де ол терапевтикалық эффективті байланысқа (эмпатия, аутентика, аттрактивтілік, эксперттілік, қабылдау, құрмет, сенімділік және т.б.) секілді болса.

Гумандылық өз алдына жеке моральдық қасиет, ол әлеуметтік жұмысшылардың клиентке деген мінездемесін көрсетеді. Оны моральдық қасиет деп бағалай отырып, гумандылық әлеуметтік жұмыстың негізінен шығады яғни ол белгілі бір мінездемелер болып табылады.

Белгілі әлеуметтік жұмысшыларға сай қолданатындығы моральдық міндеткерлік түрінде келеді, оған сәйкес олар өзінің клиенттеріне гумандылық жағдайын көрсету керек. Әлеуметтік жұмыстың гумандылығы әртүрлі формада көрінеді, оның аса белгілісі альтруизм болып табылады.

Альтруизм – ол моральдық қасиет, адамның өзіндік жеке мүдделерін басқа адамдар игілігі үшін құрбан ете алатын адамды айтамыз. Осылайша түсіндірілетін адам, эгоизмге тікелей қарсыластық болып табылады.

Соған қарамастан, альтруизмнің шығуы жайлы барлық философтар оның мәнінде бірегей болған: О. Контқа сәйкес, олар іс-әрекеттер мінездемесін жасай отырып, өзіндік махаббаттан шектеген. Альтруизм мінез түрі ретінде тәртіпте яғни жиынтықта жасалатын іс-әрекеттер ең алдымен моральдық мағынасы бар, өкілдік-

тер үшін, ең алдымен мамандық үшін қажет, ол сол тәсілмен адамдармен байланысты (сондықтан олар көмек беруші) деп аталады.

Альтруизм гумандылықты көрстеудің жалпы формасы болып табылады, барлық философтар оның мазмұнында беделді адамның басымдықтарын мойындай отырып оның мүдделерін қорғау болып табылады. «Басқалар үшін өмір сүру осы нақты ережеге сәйкес келетін секілді.

Басқаша айтқанда, гумандылықтың әртүрлі формалары нақтылық жағдайымен белгілі болып табылады. Оның бір формасы ретінде, әлеуметтік жұмыста маңызды рөлді алатын және басқаларға көмектесетін, түсіне алу да жатады.

Басқа қызмет секлді, әлеуметтік жұмыс субъект пен объектінің арасындағы қоғамдық жағдайлардағы өтетін кезеңге жатады. Осы шарттардан басқа белгілі деңгейде әлеуметтік жұмысшы және клиент тиісті міндеттерге қаншалықты қанағаттандырылды.

Этикалық кодекс және оның принциптері. Этиканың бізге белгілі аса танымал декларациясы барлық қазіргі әлеуметтік жұмысшылардың басшылыққа алатын «Әлеуметтік Жұмысшылардың Ұлттық Ассоциациясының Этика Кодексі» ол АҚШ-та 1997 жылы Принциптері қабылданған, Кодекстегі мазмұны, шектейтін жақтары да бар. Ғылыми таным логикасына сәйкес принцип негізгі шынайылық, белгілі теорияның алғашқы қадамы, ойлар, дүниетаным ретінде қалыптасады.

Кодексте негізгі принциптер қалыптастырылған, әлеуметтік жұмысшының тұлғалық қалыптасуы, принциптер мен мамандықтағы белгілі топтар мен адамдарға қатысты.

Әлеуметтік жұмысшы маманы әлеуметтік тәжірибемен айналысуы тиіс. Барлық белгілі жағдайлар мен қарапайым тұрғыда болғанымен де кәсіби қызметтің фундаменталды принциптері қалыптасады. Алайда белгілісі, қазіргі жағдайда жеткілікті емес сапалы мамандардың болмауынан да, олардың белгілі бір ғылым саласына ықпалы бар екенін анықтауға болады (психология, әлеуметтік педагогика, әлеуметтік медицина, социология және т.б.)

Яғни осы аталған принцип әлеуметтік жұмысшының бір жағынан заңда белгіленген шеберліктері және қабілеттерін оқу барысында игерілгенін, келесі жағынан мазмұнды, мақсаттар мен әлеуметтік тәжірибе белгілі топтағы мамандар негізін көрстеді.

Әлеуметтік жұмысшы өзін саналы түрде пайдалану керек. Әлеуметтік жұмысшы өз қызметін жоспарлауда тәжірибелік біліктіліктерге

назар аударады. Әлеуметтік жұмысшының ең алғашқысы құрады. Сондықтан ол баға беруде күшті және әлсіз жақтарын немесе өзін-өзі білім беруде өзін-өзі тануда баға беріледі. Әлеуметтік жұмыс тәжірибесінің базалық элементі ретінде халыққа тез арада көмек көрсете алуын айтамыз. Әлеуметтік жұмысшы артқа қадам баспау керек, өзінің қызметін критикалық түрде бағалау керек.

Әлеуметтік жұмысшы тәжірибелі объектіні ұстануы қажет. Тұтынушы шебер көмекшіге жолықпас бұрын, өз қиындығын өзі немесе отбасысына, достарынан кеңес сұрауы керек. Көбінесе бұл жағдайлар оның шешімін табуға кедергі жасайтын эмоционалды түрде болады. Көмекшіге қарама-қарсы заттай аумақта шебер маман жаңа өлшеулер енгізеді және тұтынушы қиындықтарды шешерде өзінің ішкі сезімін ұстауға тырысуы керек.

Нейтралиттерді сақтау кезінде немқұрайлық пен көңіл қоймауды болдырмай, жеткілікті түрде әлеуметтік жұмысшы жүргізе алады. Қиындықтың келесі шеті тұтынушының жеткіліксіз түрде қызығушылық танытпауынан болады. Және ол қуатты дұрыс шығармағаннан пайда болады. Соның нәтижесінде тұтынушының эмоционалды энергиясын көрсеткісі келмей қалады.

Сонымен қатар шеберлі объективтілік саналы әлеуметтік жағдайдағы денсаулықты сақтауға өз көмегін тигізеді. Эмоционалды түрі өзінің еркіндігін сақтау және шеберлік тапсырмаларды дұрыс шешу үшін қажет.

Әлеуметтік қызметкер адамдардың әртүрлілігін ескеру керек. Әлеуметтік жұмысшының қызметі қоғамдағы барлық адам топтарына арналған. Олар әртүрлі этникалық білім, ұлттық, мәдени, кейбір ес немесе басқа жағынан кемшілігі бар, әртүрлі жыныс топтары мен жас ерекшелігіне байланысты болады. Олар соны және өздерінің тұтынушыларының қалауын ескерулері керек. Әлеуметтік жұмысшыға кейде мөлшерден ауытқып кеткен тәрізді көрінсе, ол тұтынушы үшін қалыпты болып көрінеді. Мұндай өмірлік құбылыстарды қабылдау кезінде әртүрлі қиындықтарға шыдаммен қарау әлеуметтік жұмыстың негізгі қасиеті болып табылады.

Әлеуметтік жұмысшы жеке және шеберлік дамуды арттыру керек. Ол ең қиын кәсіптің бірі болған және болып қала береді. Адамдарға көмек көрсету өзгергіш ортамен байланысты және ол әлеммен жақсы қатынаста болуы керек.

Өмірге таяз шеберлік ойда болса тұтынушыға, жұмысшыға нақты болуы мүмкін емес. Сол себепті жұмысшы өзі жеке еңбекпен көтерілу-

ді және шебер маман болуды ойлау керек. Әлеуметтік жұмысшы негізгі оқиғаларға деген білімі нақты болу қажет.

Әлеуметтік жұмысшы қашан да өзінен білімді дамыту үшін қандай білім түрі керек, олар өмірден алынды ма, тәжірибенің шешімі қандай деген сұрақ қою керек, одан алынған әсерлер ерекше болуы керек, сонымен қатар одан алынған тәжірибені дұрыстап бақылап, анализ жасауы керек. Әлеуметтік қызмет көрсетуде эмперикалық жеке кәсіп тексерілген мәліметтегі жоспарлы түрде өтуі керек. Сонымен қатар әлеуметтік жұмысшы тұтынушының сенімі басты екенін білуі керек. Өзін мен жағдайды өзгерту үшін ол ішкі ресурстарды және күрестегі өзінің бағалылығын ескеру керек.

Әлеуметтік жұмысшы тұтынушыны қайталанбас тұлға ретінде қабылдау керек. Тұтынушыны толық білу мүмкін емес. Сонымен қатар білімді алуға және көмек көрсетуге талпыну керек. Осы кезде негізгі ақпарат көзі тұтынушының өзі болады.

Әлеуметтік жұмысшы тұлғаны дәріптеумен айналысу керек. Көптеген қызмет түрлері жеке тұлғаның өлшеуіне ғана бағыттталатын болған. Мысалы, дәрігерлер физикалық жағдайға көп көңіл бөледі, мұғалімдер ой өрістің дамуына көңіл бөледі, ал психолог эмоцианалды күйге мән береді.

Ол жұмыс қызметтердің ішінде басты болып табылады. Себебі ол адамның күйіне байланысты. Әлеуметтік жұмысшы қиындықтың заманауи жағдайын бақылау керек. Шеберлік көмек көрсетудің жетістігі оған келетін жұмысқа байланысты.

Әлеуметтік жұмысшы тұтынушымен кәсіпкерлік байланыста болуы керек. Тұтынушының сол қалпында қабылдау оның онымен келіскенді білдірмейді. Алайда олардың әрқайсысын міндетті түрде дұрыс қабылдау керек. Шебер көмекшінің мән бермеуі тұтынушының өзін сенімді сезіне алмауына әкеледі. Одан әртүрлі қорқыныштар пайда болады. Сол мезетте жұмысшының жағдайды дұрыс бақыламағанынан бағаламауға алып келеді. Тұтынушыларға қызмет көрсету жұмысшыларға жаман пікірден арылуға көмектеседі.

Әлеуметтік жұмысшы тұтынушының мүмкіндігі мен біліміне сенуі керек. Әлеуметтік жұмысшының шебер мамандығы адамды танып білуден басталады: физикалық, психологиялық, әлеуметтік жағдайлар. Алайда сол сұранысты анықтау үшін қоршағани ортаның жағдайына

қалай жауап беретінін білу керек. Әлеуметтік жұмысшы тұтынушыларының мүмкіндігін білу керек, өз күшін дұрыс пайдалана алуына көмектесу керек.

Әлеуметтік жұмысшы өзінің тұтынушысын қиындығын шешуге бейімдеу керек. Ол тұтынушымен жұмыс жасау керек. Егер ол қиындықты түсінбесе немесе қабылдасамаса жағдайдың күйін анықтау қиын болады. Жағдайды тек өзгертікісі келген адам түсінген кезде ғана өзгертуге болады. Ол сол кезде әрекет жасау керек.

Әлеуметтік жұмысшы тұтынушыны тез арада толық түсіне алуы керек. Ол көмек көрсетумен басшылық жасауы керек. Ондай жағдайлар тұтынушыларға кейбір өмірге әсер ететін шешімдерде орын алуы керек. Ол әлеуметтік жұмысшы мүмкіндікті зерттеуге көмектеседі. Жағдай өзін анықтау тұтынушыларға өзінің шешімін қабылдауға, басқа адамдардың ойын тындауға тырысады. Кейде бұл сұраныс негізгі болып табылмайды. Немесе тұтынушылар өз заттарына мән береді. Сол себепті ол қимылдарды қабылауы керек.

Мұндай жағдайда жұмысшы жақсы шешім қабылдауы керек. Осы кезде ол сендіру, зорлау, көндіру амалдарын қолданады. Шешім қабылдауға міндеттілік әлеуметтік жұмысшы өз мойнына алу керек.

Әлеуметтік жұмысшы тұтынушыға пайда болған қиындықтарға байланысты өзін басқару жағдайларын меңгеру керек. Шеберлік қызметтегі қабылдау әлеуметтік жұмысшыда көмек көрсету бір біріне көмектесуге негізделуі керек. Қайта көрудің негізгі шешімі лозунг болып табылады: тұтынушыға өз-өзіне жасай алатын заттарды істеңіз.

Әлеуметтік жұмысшы тұтынушымен байланыс орнату керек. Жеке адам мен отбасы әлеуметтік жұмысшының көмегін қалағанда өмірдегі жеке аспектілерді қалайды. Топтарда тұтынушылар өздерінің сырларын анықтауы керек. Жағдайды көпшілік жағдайға негізделеді. Сонымен қатар кейде әлеуметтік жағдайда жеке адамдардың ақпараты айтылады. Осыдан әлеуметтік жұмысшылар ақпарат жайлы толық мәліметі болып кетеді.

Жұмысшы үшін көптеген қиындықтар міндеттермен жағдайларға байланысты болады. Мысалы: НАСР этикалық кодексе «әлеуметтік жұмысшы кейбір қимылдарда және азаматтық жағдайды өзгертуге қатысады» деген. Алайда сол Кодекс «әлеуметтік жұмысшы ұйым алдында өз міндетін білу керек» деген.

Тұтынушының ұстанымы мен жағдайы. Заң өмірдің барлық әлеуметтік жағдайын бақылай алмайды. Сондықтан кейде тұтынушымен сөзге келіп қалады. Кейбір жағдайда әлеуметтік қызметкерлер заңға бағынбайды. Осы кезде ол тұтынушыға зиян тигізеді.

Шеберлік және жеке құндылықтар. Оның негізінде әлеуметтік қызметкерлер арасында кейбір келіспеушіліктер болады. Ол тұтынушымен келіспеуі мүмкін, яғни саяси, діни тұрғыда. Жұмысшылардың тұтынушының қандай затты қалайтынын жоспарлауы кейде дәл келеді. Бұл жағдайда жұмысшы жағдайға қарау керек.

Шындықты айту қажеттілігі. НАСР этикалық Кодекстің негізгі заңдарына қажетті ақпарат алуда оның жағдайымен байланысты болуы керек. Бір жағынан ол этикалық ақталуды әкеледі, басқа жағынан тұтынушылардың ойын тыңдау керек.

Танымал әлемде адамдық сауаттылықта аналогиялық жағдайлардың жоғалуымен негізделеді. Олар ғылыми, техникалық, медициналық, саяси, педагогикалық тұрғыда болады.

Зерттеудің маңыздылығы ретінде, бір шетінен осы кәсіби қызметке байланысты мамандардың сай болуы көмектеседі, осы қызметке байланысты талапкердің жиынның кеңейтілуі, ал басқа шетінен, тура емес және жеткілікті емес оқу-әдістемелік құралдардың қамтамасыз етілмеуі қазіргі заманына аса қажетті болып табылатын деңгейде болмауы. Кәсіби қызметтің субъектісін қалыптастыру, маманның осы қызметтегі мотивтерді жетекшілік етуімен, өзіндік жеке мақсаттарға бейім, кәсіби қызметінің бағалау шаралары мен бақылау құралдарына ие кәсіби рефлексияға мүмкіндігі бар. Аталған сипаттар кез келген кәсіби маманға қажет, бірақ «адам-адам» қызметі саласында ол аса маңызды мағынаға ие болады, себебі қызмет аясы болып, тұлғаның жеке өзі құрал болып есептеледі. Ол проблеманың психологиялық аспектілерін күшейтеді, оны орталық мағынасында мазмұнды, әдістемелік және ұйымдастыру шараларын маманның дайындығын көрсетеді.

Кәсіби субъектілік қызметтің ерекше белгісі ретінде қалыптасады делінеді. Осы қызмет түрін дәстүрлі түрде кәсіби-оқытушылық деп атайды. Ересектер психологиясы да кәсіби-оқытушылық қызметтің дамуы балалық шақтағы көшбасшы қызмет түрі ретінде анықталады (Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов, Д.И. Фельдштейн), оған жастық-әлеуметтік позициялар (әлеуметтік-жастық топтар) жоғарғы сыныпта-

ғы оқушы, талапкер және студент сәйкес келеді. Біздің зерттеуіміздің пәні қазіргі студенттік жастық және әлеуметтік-психологиялық ерекше жағдайларымен байланысты.

Студенттік уақыт кезінде жоғарғы сыныптағы жастық-психологиялық жағдай әсер етеді. Жоғарғы сыныптағылардың маңызды қызметін анықтай отырып, Д.И. Фельдштейн жазады: «Оқытушылық-кәсіби мінез-құлықты иелене отырып, бір шетінен, зерттеу элементтерімен қамтамасыз етіледі, екінші жағынан, мамандық алуға белгілі бағытта алады, өмірдегі өз орнын іздейді. Осы жастың негізгі психологиялық жаңа тұстары ретінде – мектеп оқушысының жеке өзінің өмірлік жоспарларын құра алуы, оның орындалуының құралдарын іздеу, саяси, эстетикалық, сана-сезімдік идеалдарды іздеу дәлелі ретінде өзін-өзі бағалауды айтуға болады...» [1].

В.В. Давыдов жоғарғы сынып оқушысының маңызды қызметін және жаңашылдығын былай анықтайды: «Кәсіптік оқу орындарының немесе жоғарғы сынып оқушысының қызметінің маңызды қызметі ретінде, олардың бір-біріне деген қажеттіліктің туындауы, олардың кәсіби мүдделері осы уақытта оқушылар аса кең тараған мамандықтардың біреуін игереді. Зерттеу элементтері, қыздар мен жігіттердің маңызды қызметін бар дей отырып, оның танымдық қызығушылықтарының одан әрі дамуына, теоретикалық сана және ойлау, ол кәсіби шеберлікті көтерудің негізгі сатысы болып табылады. Олардың жастары өмірлік таңдаудың кәсіби таңдауын жасады» [2]. Атап өтілген жас ерекшеліктерінің психологиялық жаңашылдықтары ерекше әлеуметтік жағдай дамуында қалыптасады.

В.В. Давыдов келесі ретте «Мектеп уақытындағы балалардың жалпы даму қортындысы ретінде, біздің қоғам келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру жүйесіне сәйкес келетінін жазады. Психологиялық тұрғыда олар қажеттіліктер мен қабілеттіліктер ретінде, онымен мектеп оқушылары иеленетін сипатта болуы керек, бұл қоғамға жемісті еңбек ету үшін керек», – деді.

Біріншіден, жас азаматта еңбекке деген қажеттілік пен қабілет болуы міндет, ол оған алғашқы кең тараған мамандық түрінің бірін игеруге одан кейін өз еңбегі мен оны жетілдіру қажеттілігін үйренуге ықпал етеді. Екіншіден, жас азаматта идеялық, саналық және тұлғаның азаматтық сипаттары қалыптасуы керек, ... дүниетаным, қоғамдық санадағы жақсы бағыт, ғылыми ретінде, көркем әдеби, саналық және құқықтық, сананың осы түрдегі міндеттері

мен дүниетанымдық принциптерінің сәйкестігі. Үшіншіден, жас азамат әртүрлі ұжымда тіл табыса алуы керек, ол жердегі нормалар мен өзара қарым-қатынстарды бекіте отыру негізінде болуы керек».

Осылайша, жоғарғы сынып оқушыларында, субъект қызметі ретінде өзін таныта алатын әлеуметтік детерминация белсенділік формасы ретінде және әлеуметтік өзара іс-әрекеттік әлеуметтік маңызды болады. Қай жерде алғаш рет осы субъектіліктің алғашқы негіздемелері қалыптасады? Мектеп оқушысының қызмет аясында және жастармен қарым-қатынас кезінде жеке мерзімдеу Д.Б. Эльконин бойынша, бастауыш мектепте жиналу керек, себебі маңызды қызмет оқу болып табылады. Келесі барлық мектеп уақытында орталық жаңашылдық – құралдар арқылы өзін оқыта алу, даму жағдайында нақтыланады, маманданады және жетілдіріледі. Бірақ та оқу субъектілігін тікелей немесе қатысты емес анықтамалық ЖОО сәтті оқуға мүмкіндік ретінде қабылдай отырып, маманның қалыптасуына негіздеме болады деп айтуға бола ма? Мектептегі білім қаншалықты осы міндеттерді шеше алады? Осы сұрақтарды қоя отырып біз «Осы немесе басқа» арасындағы шекараны анықтауға және оның мектептік немесе ЖОО біліміне, оқушының оқу қызметіне және студенттің кәсіби-оқытушылық қызметіне қаншалықты қолданылатындығы ескеріледі.

Мектептегі оқу қызметінің ерекшелігін ескере отырып оның жалпы мазмұны бойынша В.С. Библер мыналарды белгілейді: «Мектепте қызметтің ерекше формасы бар, ол мектептен кейін доминантты болудан қалады, оның ішінен енеді. Қызмет қандай? Оқушының еңбегі – ол біріккен еңбек, онда біріншісі, басқа, үшіншісі, әрбірі барлығы толық емес жасайды жалпы біріккенде бір негіз қалыптастырылады. Мектептегі сынып белгілі білімді бірегей өнім ретінде қалыптасырмайтыны белгілі: Ваня, бір білімді, Петя басқа, Галя үшіншісін иеленеді және т.б. Одан басқа, мектепке толық емес білім біріккен еңбек қажет емес.

Бірақ оқушының еңбегі – ол жалпы еңбек емес, Маркстың түсінуінше, ойлап табушы, ғалым, суретші, адам жасаған заттарды өзіне сіңірген сәтте, адам ойластырған, оған белгілі бір бірлікті қосса «n»: «n+1». Егер де индивид жаңа нәрсе ойлап таппаса, ол жалпы еңбек емес, ол толықтай жаңашылдық емес, өйткені ол болған нәрсені қайталады.

Осылайша жалпыға бірдей еңбек, тек қана оқушыға тән емес. Ол мүлдем ерекше қызмет

түрі. Мектептік еңбекте, әрбір оқушы осы кезеңдегі өміріндегі барлық білім мен қабілеттерін жетілдіру керек, өз санасын және толықтай жаңа болуы керек. Мектепте небір мәдениеттану мен мәдениеттің дамуы қызметі ретінде танылады. Оқушы сыныпта отырады, мүмкін болатын нұсқаларда адамзат ойластырған және басқа біреу жасаған негізде өзін тоқтатады, ойластырғанды қайтадан орындайды, оның барлығы адамдар тарапынан жасаған. Оқушы өзінде (жеке ойын артқа итермелейді) өзінің әлеуметтік маңызды құрал ретінде... [3].

Сонымен қызметтің ерекше әлеуметтік маңызды типі ретінде, жоғары білім (сондықтан ол «жоғары») өзінің негізгі идеясы ретінде ғылымның жоғары жетістіктерін қазіргі жағдайдың тәжірибелік міндеттерін шешуге міндеттейді. Жоғары білім жағдайдан өтіп «n» деп аталатын бірлікке, «n+1» алатын кезең болып табылады. Басқа даму жағдайына көшу және принципіалды басқа қызметте жас маманның ЖОО түскен уақытында бола ма? Иә немесе жоқ Оған дейін әлеуметтік маңызды қызметтің артта қалуы ол бірде басқа мағына ала отырып, ЖОО қабырғасында әлеуметтік-психологиялық өмір сүруде басқа түр сипатты құрайды. Бірнеше топтағы талпкерлерге, студенттер мен аспиранттарға ол мораторидің аса қолайлы тәсілі. (Э. Эриксон), ол инфантилді орнатпалар қолданады. Осы ретте, ол белгілі академиялық жетістіктерді көрсетеді, қадамнан қадамға нақты кәсіби белсенділік формаларынан оны психологиялық тұрақтылыққа қауіп ретінде ол эгобірегейлікті жоғалтуға алып келеді. (Э. Эриксон), ол үйренудің ұзақтығына байланысты процесс ретінде белгілі болады.

Осы кезеңді ЖОО оқу барсындағы, мектептің соңғы жылдарын толтырушы мораторий ретінде қабылдауға бола ма? Осы қызметтің айырмашылық атрибуттарын ескере отырып, (Библер бойынша) кәсіби қызметтен айырмашылығын көруге болады. Ол тек қана назарды ЖОО дайындайтын білім ретінде және олардың білім ретіндегі «мектептік типтегіден» толыққанды кәсіби маман қызметіне даярлығын көрсетеді. Қызмет қандай болуы керек «мүмкіндіктер ашатын», «рұқсат ететін» және кәсіби білім иеленетін болуы міндет.

Е.А. Климов көрсетуінше, әртүрлі жағдайларда 15-18 жастан 16-23 жас аралықтарында кәсіби дайындық кезеңдері болады. Қысқа түрде атау үшін автор, оны кезең мерзімі немесе адепт фазасы деп атайды. Фаза, адам қандай ЖОО мен оқу түрін таниды, кәсіби жалпылықтың көрсет-

пелі адепті бола алады ма екендігінің көрсетеді. Көп жылдық дайындық барысында автор, бірінші, екінші және т.б. оқу мерзімінде тұрғанын оның сана-сезіміндегі қандай түпкілікті өзгерістер бар екендігін көрсетеді, тұлғаның бағытталуын, ақпараттылық қамтамасыз етілуін және басқа тұстан оның индивидуалдылық көрсетіп отырған «даму дағарысында» спецификалық қалай әсер ететіндігі айтылады. Адепт фазасында «аса белгілі құндылықты жүйелерді меңгеру қалай жүзеге асады, кәсіби жалпылық мінездемелер... арнайы білімдерді меңгеру, шеберліктер, болашақ кәсіби қызметке қажет болып табылатын «өмір үшін» сәтті «кәсіби қадам» үшін пайдалы. Кәсіби маңызды қадамдар жетілдіріледі, сипаттары құрылымдық жүйеге енеді. Кәсіби жарамдылық қалыптасады, ол субъектінің жүйелік мазмұнын және объектінің (субъектінің кәсіби ортадағы ерекшелігі) және кәсіби-оқытушылық және еңбек қызметінің сәттілігі қалыптасқандықтан жеке таңдамалы жол қалыптастырылады» [4].

Осы проблеманы шешу мен саратпау тәсілдерінің бірін А.А. Вербицкий ұсынған болатын ол белгілік-контекстік оқу негізіндегі идеяда қалыптастырылған. Проблеманы анықтау кезіндегі және өтпелі кезеңдегі қызметтің маңыздылығын анықтауда Вербицкий келесілерді орнықтырады: «кәсіби қызметпен оқытушылық қызмет арасындағы қайшылық». ЖОО тұлғаның маман болып қалыптасуы үшін оған тиісті оқу бекіту керек, ол бір типтегі қызметтен танымдықтан басқа қызмет түріне кәсібиге соған қатысты қажеттіліктердің ауымуы және мотивтер, мақсаттар, іс-әрекеттер құралдарды, пәндерді және нәтижелерін айтамыз» [5].

Адекватты түрде осы модельдердің негізі, кәсіби субъектіліктің қалыптасуы, кәсіби субъектілік субъект жайы немесе оның даму актісі жайлы, Б.Д. Эльконин қалыптастырған «Қорытындылар» кітабында «Даму психологиясы» еңбегінде анықталады. Осы ережелерге сәйкес, біз міндеттерді өтпелі кезең қызметіне қалыптастырамыз, ол кәсіби қызметтің субъектілік психологтық және әлеуметтік жұмысшының дамуына әсер етеді. Оқу жағдайын кәсіби жағдайға өту моделі қызмет ету моделінің өзгермелі принциптерін құрайды. Ол білімді тікелей практикада қолдану емес, ол әлеуметтік маңызы бар тәжірибенің актуализациясы мен белсенділіктің оқу түрінен «қызметке дейін» (В.С. Билбер бойынша) осындай формадағы белсенділікке, психологиялық жағдайының соларға бағытталып тұрған клиенттердің және олардың өзіндік

әрекет етушілерінің өзгеруі. Яғни осы жағдайдағы белсенділік алаңының нақты болмауынан ол жерде жалпыға бірдей формалар мен жекелей пәндік негізгі өтпелі кезеңді құрайды «Осы/басқа» негізінде.

Өтпелі жағдайдың құрылымы (идеалды формадағы оқиғалар) екі негізгі өтпелілікті құрайды: «бар-басқа» немесе «идея-шынайылық». Маңызды түрде олардың біркелкілігі, олар алғашқы аудиториялық шектемелері жоқ «жауап формасы» болмайды қатысушылардың авторлық жоспарларының олардың алдына қойған мақсаттары мен мотивациялық белгіліріне сай бекітеді.

Белсенділіктің өтпелі кезеңінің тәсілі оқытушылар-ұйымдастырушылардың рөлін анықтайды. Олардың арасында делдал болу жағдайды қалыптастыру мен басқалардың өмір сүрумен потенциалды шынайы клиент және маңызды түрде идеалды формада өмірге негізделеді. Міндеттері басқаны өзіне қарата білу рефлексивті жағдайға шығу. Өтпелі кезеңнің «қатыстылық фазасының» «іске асыру фазасының» (Э.Д. Эльконин терминологиясы) бойынша. «Қатыстылық фазасының» мазмұны бейбітшілік идеясы мен сезімдік нақты жағдай негізінде жасалады. Біздің пайымдауымызша, жақын психологиялық мазмұнда «адепт фазасы» Е.А. Климов сипаттаған. Ол субъективтіліктің қатыстылық тәжірибесі – инициативті қызметте орналасқан яғни өзіне алынған қиындықтар ойлар негізінде жүзеге асады. Орындалу формасы – жобалық қызмет. (Жобалық қызметтің ересек жасында және жоғары мектепте К.Н. Поливанова, Д.И. Фруммин суреттеген) Субъектіліктің тәжірибесі «іске асыру» фазасында, осы тәжірибе кәсіби міндеттің шешу тәсілін орындалуын көрсетеді.

Ұйымдастырушы-оқытушының делдал қызметі (тьютор позициясынан және дәстүрлі ұйымдасушы позициясынан тәжірибе мен бақылаудың айырмашылығы бар) екі фазаның шекараларын айыру – қатыстылық фазасы, ондағы идея шынайылық және идеялар ұқсас, сонымен қатар кітаптар логикасында, лекциялық курстардың формальды сәйкес еместігінде және «классикалық мысалдар» теориясының бекітілуінде. Ол фазалардың айырмашылығы бірнеше жағдайлармен тығыз байланысты және теорияның мәні белгілі жобалық шынайылықтар нақты ғылыми абстракцияда бекітілген түрде белгілі болады. Делдалдық – ол орындалу мен бағыштау өара өту кезеңіндегі қатыстылық және орындау.

Әдебиеттер

- 1 Фельдштейн Д.И. Тұлғаның онтогенезде даму психологиясы. – М.: Педагогика, 1989.
- 2 Давыдов В.В. Дамытушылық оқудың проблемалары: Теоретикалық және эксперименттік психологиялық зерттеулер тәжірбиесі. – М.: Педагогика, 1986.
- 3 Библер В.С. Мектеп мәдениеті диалогы: Идеялар. Тәжірбие. Проблемалар. – Кемерово: «Алеф» Гуманитарный центр, 1993.
- 4 Климов Е.А. Еңбек психологиясына кіріспе: ЖОО оқулығы. – М.: Культура и спорт, ЮНИТИ, 1998.
- 5 Вербицкий А.А. Жоғарғы мектепте бесленді оқыту: контексті тәсіл: Әдістемелік оқулық. – М.: Высш. шк., 1991.

References

- 1 Fel'dshtein D. I. Tul'ganyn ontogenezde damu psikhologiyasy. – M.: Pedagogika, 1989.
- 2 Davydov V. V. Damytushilk okudyn problemalary: Teoretikal'nykh zhane eksperimenttik psikhologiyalyk zertteuler tazhiribesi. – M.: Pedagogika, 1989.
- 3 Bibler V.S. Mektep madeniety dialogy: Idealar. Tazhiribe. Problemalar. – Kemerovo: «Alef» Gumanitarnyi centr, 1993.
- 4 Klimov E.A. Enbek psikhologiyasyna kirispe: ZhOO okulygy. – M.: Kul'tura I sport, YuNITI, 1998.
- 5 Verbickyi A.A. Zhogargy mektepte belsendi okytu: konteksi tasil: Adistemelik okulyk. – M.: Vysh. Shk. 1991.